

Е.А. Абдраимов\*, Т.С. Садыков, С.К. Кабылтаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: erla-n@mail.ru; sadykov\_ts@enu.kz; uteubaeva81@mail.ru)*

## Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихы және қазіргі кезеңдегі қызметі

Мақалада Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихы, осымен бірге 1995 ж. бастап қазіргі уақытқа дейінгі этникааралық және мәдениетаралық қатынастар саласындағы қызметі қарастырылған, қазіргі қоғамдағы мәдениеттер диалогының мәні мен маңыздылығы көрсетілген, ұлттық бірегейлікке қол жеткізудің факторлары мен жағдайлары анықталған. Авторлар ҚХА-ның нормативті-құқықтық актілеріне, осымен бірге 2025 жылға дейінгі Қазақстан халқы Ассамблеясының даму Концепциясына талдау жасайды. Сонымен қатар ҚХА қызметінің қазіргі кезеңдегі даму мәселелері және қызметінің басым бағыттары анықталған.

*Кілт сөздер:* ҚХА, Қазақстан тарихы, ұлтаралық қатынастар, қоғамдық келісім, халықтар достастығы, ұлттық бірлік, тұрақтылық.

### *Кіріспе*

Қазіргі кезеңдегі жаһандану үрдісінің және мәдени унификацияның дамуы этносаралық қатынастар мен этникалық бірегейлік мәселесіне тікелей ықпал ететіні сөзсіз. Бір жағынан, жаһандану үрдісі аймақтар арасындағы мәдени шекараның жойылуына ықпал етсе, екінші жағынан, ұлттық мәдениеттер, тіл және менталдық ерекшеліктер төңірегіндегі пікірталастарды күшейтіп отыр. Әсіресе, бұл мәселе көпұлтты мемлекеттерде орын алған. Өкінішке орай, этникалық фактордың және ұлтаралық қатынастардың әлі күнге дейін әртүрлі шиеленістердің детонаторы болып табылатындығын әлемдік тәжірибе көрсетіп берді және оның деструктивті қуаты қазіргі ақпараттық және гибридісті соғыстар кезеңде күшейіп отырғаны белгілі.

Өзімізге белгілі, Қазақстан — өзіндік демографиялық және этномәдени ерекшеліктері бар көп этникалық мемлекет болып табылады. 2021 жылғы Халықтың ұлттық санағының алдын ала қорытындыларына сәйкес Қазақстан Республикасында 19 186 015 адам тұрады, олардың ең көбі қазақтар (70,4 %), одан кейін орыстар (15,5 %), одан әрі өзбектер (3,2 %), украиндар (2,0 %), ұйғырлар (1,5 %), немістер (1,2 %), татарлар (1,1 %), эзербайжандар (0,8 %), кәрістер (0,6 %), түріктер (0,5 %), дүнгендер (0,4 %), белорустар (0,4 %), тәжіктер (0,3 %), күрдтер (0,3 %), шешендер (0,2 %), поляктар (0,2 %), қырғыздар (0,2 %), басқа этнос өкілдері 1,4 %-ды құрады [1]. Айталық соңғы үш жылда елдегі халықтың саны 3,9 %-ға өскендігін көруімізге болады. Осымен бірге, елімізде 2020 жылғы 1 сәуір есеп бойынша ресми тіркелген 18 конфессияны білдіретін 3816 діни бірлестік қызмет жасайды [2].

Сондықтан, Қазақстан үшін ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету міндеті еліміздің саясатының басым бағыттары болып табылады. Себебі, этникааралық келісім қоғамның тұрақты өмір сүруінің және нығаюының негізі болып саналады және бұл заң шығарудың негізгі принциптері ретінде ҚР

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: erla-n@mail.ru

Конституциясы мен 2030 ж. дейін Қазақстанның даму Стратегиясында ұзақ мерзімді және басым мақсаттардың бірі ретінде бекітілген. Осылайша, Қазақстан өзінің ұлттық саясатында этностардың арасындағы қатынастардың ұзақ мерзімді принциптерін құрғаны белгілі, осымен бірге, елімізде этникааралық шиеленістердің алдын алу мақсатында заң құжаттарына түзетулер мен өзгерістер енгізілуде.

Әлемдік тәжірибеде ұлттық мәселені шешудің үш тәсілі қалыптасқан. Біріншісі — мемлекеттен басқа ұлт өкілдерін қатаң заңдарды енгізу, мемлекеттен кетуін талап ету және тікелей қорқыту арқылы «қысым көрсету» саясаты, екіншісі — ұлттық мәселенің өздігінен шешілетіндігіне үміт артып, оны елемеу тәсілі, еліміздің таңдап алған ең дұрыс үшінші тәсілі — халықтар арасындағы келісім мен өзара сенім зонасын кеңейту және түйістіру тәсілі болып саналады. Сондықтан, Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап халықтарды біріктіру және әртүрлі диаспоралардың мәдениетін дамыту саясатын жүргізіп келеді. Бұл орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мен рөлі де жоғары.

### *Зерттеу әдістері*

Зерттеу тақырыбының пәнаралық сипатын және историзм мен объективтілік принциптерін ескере отырып, танымның жалпы ғылыми әдістері — жүйелілік, құрылымдық-функционалдық әдістер және зерттеудің арнайы әдістері — салыстырмалы-тарихи, статистикалық талдау тәсілдері қолданылды. Жүйелілік әдісі мемлекеттік деңгейдегі этникааралық саладағы үрдістерді зерттеуге мүмкіндік берді. Қазақстан халқы Ассамблеясының этикааралық қатынастарды реттеудегі рөлін анықтауда құрылымдық-функционалдық әдісі қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс Ассамблеяның даму тарихының кезеңдерін және әр жылдары қабылданған нормативті-құқықтық негізін салыстырып зерттеуге мүмкіндік туғызды.

### *Мәселені талқылау*

1992 ж. желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігінің бір жылдық мерейтойы қарсаңында Алматыда Қазақстан Халықтарының форумы өткен болатын. Елімізде өмір сүріп жатқан ұлттардың 700 өкілі қатысқан Форумда көпұлттық Қазақстанда бейбітшілікті сақтау мәселесі қарастырылды. Бұл мәселені шешуге қол жеткізу үшін Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру идеясы ұсынылды. Соңынан, 1995 ж. 1 наурызында Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органы ретінде Ассамблеяны құру жөніндегі Жарлыққа қол қойылды. Осы Жарлыққа сәйкес Ассамблеяның мақсаты республикадағы оқиғаларға баға беру мен саяси ахуалды болжамдау негізінде қоғамның топтасуын қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік тегіне, діни сенімі мен нанымына қарамастан Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтары сақталуының кепілі ретіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне жәрдемдесу болып табылды. Осымен бірге Ассамблеяның қызметі келесі міндеттерді шешуді көздеді: елдегі ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың сақталуына жәрдемдесу; Қазақстан аумағында тұрып жатқан ұлттар өкілдерінің арасында достық қарым-қатынастардың дамуына ықпал ететін мемлекеттік саясатты жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, тең құқылық принципін сақтау негізінде олардың рухани-мәдени түлеуі мен дамуына жәрдемдесу; азаматтардың өркениеттілік пен демократиялық нормаларға сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыру; мемлекеттің жүргізіп отырған ұлттық саясатында әр алуан ұлттық мүдделердің ескерілуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу; қоғамда туындаған әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу үшін мәмілелер іздестіруге бағытталған [3]. Осылайша 1995 ж. наурызында өткен I Сессияның және осы жылдың маусымындағы II Сессияның барысында Ассамблеяның айқын құрылымын құру жөнінде шешімдер шығарылды. Ассамблеяның 1996 ж. өткен III Сессиясында Қазақстан халқын әртүрлі ұлт өкілдерінің қауымдастығы ретінде қарастырған қоғамдық құрылыстың жаңа үлгісі ұсынылды. Ал, 2000 ж. желтоқсанда өткен Қазақстан халықтарының Ассамблеясының VII Сессиясында қазақстандық патриотизмнің негізінде азаматтық қауымдастықты қалыптастыру жөніндегі жаңа міндет қойылды. Сондықтан, бұл міндет Ассамблеяның IX Сессиясындағы қабылданған Стратегиясының негізгі бағыттарының біріне айналды. Ассамблеяның бұл 2002-2011 жж. арналған Стратегиясында қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайту мен қазақстандық халықты қалыптастыру, ашық азаматтық қоғамды құру үрдісіндегі Ассамблеяның рөлін нығайту қажеттілігі атап көрсетілген. Стратегия мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениетінің өзекті рөлін арқау ете отырып, азаматтық және рухани-мәдени біртұтастық негізінде Қазақстан этностарын топтастыру жолымен қазақстандық сәйкестікті қалыптастыруды; ұлтаралық қатынастар саласында мемлекеттік орган-

дармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету; Қазақстанда үйлесімді ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз етуде этномәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру; ұлтаралық қатынастар саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу және ықтимал қатерлерді жою жөніндегі сақтандыру тетіктерінің жүйесін қалыптастыру, этникалық факторды саясаттандыруға жол бермеу; ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жетілдіру және саяси жүйені демократияландыру, қоғамдық дамудың өзекті мәселелерін шешуде оның рөлін арттыру міндеттері қойылған [4].

2005 ж. сәуірде «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы институтын нығайту жөніндегі» Жарлығы қабылданды. Бұған сәйкес Ассамблеяның белсенді қоғамдық институт ретіндегі ұстанымдары нығайтылды. Осылайша, азаматтық қоғамның әмбебап институты халықтық дипломатияның органына айналды. Осы кезеңнің өзінде 830-дан этномәдени бірлестіктерді біріктіріп, мемлекет пен азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін үйлестіретін қоғамдық келісімнің негізгі бөлігіне айналды. 2007 ж. ҚР Президентінің Жарғысына сәйкес Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Қазақстан халқы Ассамблеясы деп өзгертіледі. 2008 ж. қазанында қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы жөніндегі» ҚР Заңы Ассамблеяны еліміздің саяси жүйесінің толық құқықты субъектісі ретінде бекітіп, оның қызметінің нормативті-құқықтық реттелуін қамтамасыз етті. Осымен бірге, аталған Заң Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын қалыптастыру мен ұйымдастырудың мәртебесі мен тәртібін анықтап берді. Заңға сәйкес оның қызметі мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруға, еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және этникааралық қатынастар саласындағы қоғамның мемлекеттік және азаматтық институттары арасындағы өзара байланыстардың тиімділігін арттыруға бағытталды. Себебі, осы кезеңде 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 40-тан астам конфессия мен деноминация өкілі болып табылатын діни бірлестіктердің жалпы саны 3420-ны құраған. Діни бірлестіктер жалпы санының 1853-і Ислам, 267-сі Орыс православие шіркеуі, 94-і Римдік-католик шіркеуі, 1101-і Протестанттизм, 78-і дәстүрлі емес әрі жаңа құралымдар (бахайлар, Кришна санасы қоғамы, Соңғы өсиет шіркеуі және басқалары) және басқа да саны аз діни құралымдар — 349 болған. Діни бірлестіктерде 2565 діни ғибадат құрылыстары бар, олардың 1727-сі — мұсылман мешіттері, 241-і - православие шіркеуі, 74-і — католик костелдері, 10-ы — синагога, және бес жүзден астам протестанттық және басқа да шіркеулер болған. Діни бірлестіктер 38 атаулы мерзімді баспасөз басылымдарын шығарған. Қазақстанда 8 жоғары (оның ішінде 2 исламдық, 1 католиктік, 1 лютерандық, 4 протестанттық), 6 арнаулы орта және 3 жалпы білім беретін діни оқу орындары жұмыс істеген, ірі мешіттердің жанында тұрақты әрекет ететін курстар мен шіркеулердің жанында жексенбілік мектептер жұмыс жасаған [5]. Осыларды ескере отырып, Ассамблея тарабынан 2006-2008 жж. этникааралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдірудің мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіруді мақсат етіп, республикадағы этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіруді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыруды; ішкі саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуды міндеттейді. Аталған бағдарлама келесі негізгі үш бағыт бойынша жұмыс жасады: әдістемелік бағыт: этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы ахуалды зерделеуге және экстремизмнің әр түрлі көріністеріне қарсы әрекет ету, әр түрлі әлеуметтік топтарда төзімді мінез-құлықты қалыптастыру жөнінде практикалық ұсынымдарды дайындауға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізу; қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс деңгейін мониторингтеудің, диагностикалаудың және сараптаудың, тәуекелдерді және әлеуметтік жанжалдардың ықтимал зардаптарын бағалаудың әдістерін әзірлеу; бұқара санасындағы ыдыратушы көңіл-күйді бейтараптандыру тетіктерін әзірлеу; республика аумағында жұмыс істейтін ұлттық-мәдени және діни бірлестіктер туралы ақпараттық дерекқорды толықтыруды қамтамасыз ету; ұйымдастырушылық-практикалық бағыт: этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіруге, ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық бейбітшілік пен келісімді нығайтуға, қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті төмендетуге, сондай-ақ Қазақстанда тұратын тиісті диаспоралардың тарихи шығу елдерімен достық қатынастарды дамытуға бағытталған фестивальдар, конференциялар, конкурстар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу; ақпараттық-насихаттық бағыт: этникалық және конфессиялық төзімділік қағидаттарын тәрбиелеу мәселелері бойынша жергілікті БАҚ-та мемлекеттік тапсырыс шеңберінде тұрақты айдарлар, теле- және радио хабарлар, сөз орамдарын, роликтер шығаруды қамтамасыз ету; Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді насихаттайтын жарнамалық материалдарды (брэндмауэрлер, биллбордтар, тартпалар, плакаттар) жасауды және қоғамдық орын-

дарда орналастыруды қамтамасыз ету; бұқаралық ақпарат құралдарында төзімді сана қалыптастыру жөніндегі материалдарды жариялау.

2008 ж. этносаралық қатынастар және қоғамдық келісім, мәдени-ағартушылық, білім беру, рухани-адамгершілік және өзге де қоғамдық-пайдалы қызметі саласындағы әлеуметтік маңызды жобаларын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамында Ассамблея қоры құрылды. Қордың қызметіне Ассамблеяның қызметін қаржылық және материалдық қамтамасыз ету, этномәдени бірлестіктерге көмек көрсету, қазақстандық және шетелдік инвестицияларды тарту, Ассамблеяның қызметін ақпараттық қолдау, ұлттық бірлікті, келісімді нығайту, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу міндеті жүктелді.

Осылайша, Ассамблея қызметінің негізгі нәтижелері ретінде келесілерді бөліп көрсетуге болады: біріншіден, Қазақстанда өмір сүріп жатқан әр этникалық топтың тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау мен дамыту үрдісінің құқықтық және институционалдық бекітілуі; екіншіден, ҚР Мәжілісіне Ассамблеяның атынан 9 депутатты сайлау арқылы Қазақстанның саяси алаңындағы этникалық топтар мүдделерінің ұсынылымын қамтамасыз ету; үшіншіден, өзге этнос өкілдері арасындағы ішкі қарбаластықты жою үшін жағдай жасап берді, бұл өз кезегінде миграциялық үрдістердің динамикасына әсер етті; төртіншіден, этникалық үрдістерді саясиландыруды болдырған жоқ. Ұлттық қозғалыстарды Қазақстанның саяси өміріне арластырмауға мүмкіндік тудырды; бесіншіден, Қазақстанның ішкі саяси және сыртқы саяси қызметі саласындағы тактикалық және стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға ықпал етті.

Айта кету керек, Қазақстан халқы Ассамблеясы шиеленістік жағдайларды еңсеру бойынша өз мүмкіндіктерін көрсете алды. Мысалы, 2006 ж. тамызында Ақтау қаласындағы қазақтардың кавказдықтарға қарсы шығуы, 2006 ж. тамызындағы «Теңіз» кен орнындағы түріктер мен қазақтардың арасындағы төбелес, 2006 ж. қаңтардағы Алматы облысының Шелек ауданындағы қазақтар мен ұйғырлардың арасындағы жанжал, 2007 ж. Оңтүстік Қазақстандағы қазақтар мен күрдтер арасындағы шиеленіс орын алғаны белгілі. Аталған шиеленістердің барлығы әлеуметтік-тұрмыстық сипатқа ие. Бұл этностар арасында орын алған шиеленістер күрд, ұйғыр және шешен этникалық диаспорасының жетекшілерінің белсенді қатысуымен шешімін тапты.

2009 ж. 28 қаңтарында этникааралық қатынастар саласындағы ғылыми зерттеулер жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық орталығы құрылды. Орталық қызметінің басым бағыттары ретінде қолданбалы және іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізу, мемлекеттік органдар, Ассамблея, этномәдени бірлестіктер үшін нақты, ғылыми негізделген ұсыныстарды өңдеу алынды. Осымен бірге, 2010 ж. Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі кезеңінде этникааралық және конфессияаралық қатынастардың қазақстандық үлгісі, Ассамблея Қазақстанның халықаралық имидждік саясатының негізгі элементіне айналды.

Осылайша, 2010 жылға қарай Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің дамуының бірнеше кезеңінен өтіп, 2011 жылға дейінгі, яғни орта мерзімді кезеңге арналған Стратегиясын жүзеге асырып, толыққанды мемлекеттік орган ретінде құрылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы дамуының келесі кезеңін 2013 ж. 18 сәуірде ҚР Президентінің Жарғысымен бекітілген Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму концепциясы айқындады. Бұл Концепцияға сәйкес Ассамблея институтын бұдан әрі дамыту және оның елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайтудағы рөлін арттыру, патриотизм, қазақ халқы мен мемлекеттік тілдің топтастырушы рөлін арқау ете отырып жалпы құндылықтар негізінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету мақсаты көзделген. Ұлттық бірлікті қалыптастыру, мемлекеттік этносаясатты іске асыруға қолдау көрсету және этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіру, Қазақстан халқы Ассамблеясының институтын нығайту Ассамблея қызметінің алдағы кезеңдегі басым бағыттары ретінде айқындалған [6].

2014 ж. Ассамблеяның қызметін қамтамасыз ету бойынша ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. Сонымен бірге аймақтардағы ассамблея қызметін қамтамасыз ететін аймақтық мекемелердің құрылуы Қазақстан халқы Ассамблеясының қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы жұмысын күшейте түсті. Мысалы, «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесінің мақсаты Ассамблеяның жұмыс істеуін ұйымдастырушылық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру болып табылады, ал нысаны ретінде Ассамблеяның жұмысын ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету; Ассамблея қызметін ғылыми-сараптамалық, ақпараттық, талдамалық сүйемелдеуді ұйымдастыру; этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың Ассамблеяның міндетте-

рін іске асыруға бағытталған жұмыстарына қолдау көрсетуді ұйымдастыру алынды. Осымен бірге, 2014 ж. Ассамблея жанында Аналар кеңесі құрылды. Бұл Кеңестің негізгі атқаратын міндеттері отбасы және аналық институтын нығайту арқылы қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті сақтауға және нығайтуға ықпал етумен байланысты болды.

2015 ж. даулар мен шиеленістердің сотқа дейін алдын алу және реттеу мақсатында Ассамблея жанында Медиация орталығының құрылуы маңызды қадамдардың бірі болды. Өйткені, әлемде қоғамның трансформациялануы негізінде ақпараттық қызметтің объектісінен субъектісіне өту нәтижесінде жаңа акторларды тарту негізінде қатерлер туындайды солардың нәтижесінде этносаралық келісім бұзылып, ақпараттық терроризм, экстремизм, радикалды ойларды тарату секілді кері қағидаттар орын алады. Қазақстандық қоғамның ішінде осы жағдайларды туғызбау мақсатында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы кең рөл атқарады және қазіргі қоғамдағы бірлік пен кезінде ұлттық элита айтып кеткен ұлттық құндылықтарды сақтауды және отанға деген сүйіспеншілікті нығайтуға атсалысып отыр. Ассамблеяның ерекше статусы оның заңшығарушы функциясымен негізделген және қазақ қоғамында өмір сүріп жатқан этностардың ортақ қызығушылықтарын жүзеге асыруға бағытталған.

Медиация кеңесінің құрамына тек қана ҚР Парламентінің депутаттары емес, сонымен бірге қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. Кеңестің басты міндеттері Ассамблея қызметінің шеңберінде қоғамдық келісім саласындағы медиацияның стратегиясын өңдеу, медиация бойынша Ассамблея құрылымдарының қызметін координациялау және жүйелеу, этикааралық қатынастар саласындағы шетелдік тәжірибені зерттеу және этникааралық қатынастар саласындағы медиация бойынша отандық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату болып табылады [7]. Негізінен, медиация институты сот жүйесінде, Қазақстан халықтарының Ассамблеясының құрылымдарында, осымен бірге, Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясында (одан әрі ҚР КФ) кеңінен қолданылады. Барлық аталған құрылымдар өзара қол қойылған келісімшарттарға сәйкес бір-бірімен тығыз ынтымақтастық негізінде жұмыс жасайды. Мысалы, 2018 ж. ҚР Жоғары соты мен Кәсіподақтар федерациясы арасында қол қойылған ынтымақтастық жөніндегі Меморандум қоғамдағы шиеленістік жағдайды төмендетуге бағытталған, ал 2016 ж. 30 маусымда қол қойылған ҚР Жоғарғы соты мен Қазақстан халқы Ассамблеясы арасындағы Меморандумның мақсаты шиеленістердің сотқа дейін реттеу институтын, соның ішінде медиация институтын енгізу және дамыту бойынша бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру болып саналады. Осымен бірге, «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жөніндегі» ҚР Заңының 14-1 бөлімінің 6-бабына сәйкес ҚХА жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісім саласындағы медиация институтының дамуына ықпал етеді. Ал, аталған Заңның 11 бөлімінің 6-бабына сәйкес Ассамблея қызметінің негізгі қызметтерінің бірі ретінде қайшылықтар мен дауларды реттеу барысында ұсыныстар мен тәжірибелік іс-шараларды өңдеу, шиеленістік жағдайларды тудырмау көрсетілген [8]. Ассамблея шеңберінде медиацияның 28 аймақтық кеңесі және 503 медиация кабинеті ашылған және оларда 962 медиатор қызмет атқарады. Тольқтай алғанда, 2019 ж. ҚХА медиаторларына 31000 өтініш келіп түскен, соның ішінде 19053 өтініш (61 пайызы) медиативті келісімшартқа қол қоюмен шешімін тапса, қалған 12375 (38 пайызы) өтініш медиаторлардың кеңесі арқылы өзінің шешімін тапқан [9].

2020 ж. «Қоғамдық келісім» РММ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қарамағына, өңірлік деңгейде «Қоғамдық келісім» КММ жергілікті атқарушы органдардың ішкі саясат және қоғамдық даму басқармаларының қарамағына берілді. Осымен бірге, 2020 ж. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ведомствосы болып табылатын, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты басқаруды жүзеге асыратын аталған министрліктің этносаралық қатынастарды дамыту комитеті және этносаралық қатынастар саласында зерттеулер жүргізетін, мемлекеттік саясатты жетілдірудегі ғылыми көзқарасты және жаңа әдістерді қолдануды қамтамасыз ететін «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» ЖШС құрылды.

2022 ж. 5 маусымындағы Республикалық референдумның нәтижесі бойынша Ассамблея Мәжіліске депутаттар сайлау құқығынан айырылды. Қазіргі уақытта ҚР Конституциясына сәйкес Президент Сенаттың 10 депутатын тағайындауға құқылы және оның 5 депутаттың кандидатурасы Ассамблея тарабынан ұсынылады. Мұндай енгізілген жаңалық және Мәжіліс депутаттарын сайлау құқығының жойылуы Парламенттің рөлін нығайтуға бағытталған қадам болып табылады.

Қазіргі кезеңде Ассамблеяның қызметі ҚР Президентінің 2022 ж. 15 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген «Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған» Концепциясының негізінде жүзеге асырылып жатыр. Бұл Концепцияға сәйкес Ассамблеяның қызметі әртүрлі этнос өкілдері арасында жағымды қатынастарды орнату және өзара ортақ мүдделерді іздестіруге, азаматтық біре-

гейлікті нығайту үрдісіндегі мәдени және этникалық шекараларды еңсеру және барлық халық топтарын біріктіретін ортақ құндылықтар мен мүдделерді іздестіруге, этнос өкілдерінің бірыңғай қоғамға интеграциялануын жүзеге асыруға бағытталған. Концепцияны жүзеге асырудың басты нәтижесі ретінде болашақта Ассамблея институтын бұдан әрі дамыту, табысты модернизацияның және мемлекеттің дамуының стратегиялық міндеттеріне қол жеткізудің негізгі факторы ретінде қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірлікті нығайту үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру күтілуде.

### Қорытынды

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғандығына жиырма бес жылдан астам уақыт өтті және осы уақыт аралығында Ассамблеяның құрылымы мен инфрақұрылымының (материалдық, нормативті-құқықтық, ақпараттық, ғылыми, идеологиялық және мәртебелік жағынан) динамикасы жүрді. Тәуелсіздік жылдарында Ассамблея этникааралық және ұлтаралық қатынастар саласындағы саясаты жүзеге асырудың негізгі элементіне айналды. Ұлтаралық саясаттың негізгі принциптері (ұлттына, сенімі мен тіліне қарамастан барлық азаматтардың теңдігі) мемлекетіміз үшін негізгі әрі басым болып саналады. Қазақстандағы барлық этникалық және конфессиялық топтардың ауыз бірлігі мен ынтымақтастығының және Ассамблея қызметінің маңыздылығын елімізде орын алған қаңтар оқиғасы және әлемдік деңгейдегі Украинадағы жағдай дәлелдеп берді. Сондықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргі заманның талаптарына сай қызмет етіп, Жаңа Қазақстан құрудағы өзінің рөлін жаңа деңгейге шығару қажет.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана на 2022-2026 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200001014>.
- 2 Комплексный план по реализации государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2021–2023 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000953>.
- 3 Положение об Ассамблее народов Казахстана [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002066\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002066_).
- 4 Стратегия Ассамблеи народа Казахстана на среднесрочный период (до 2011 года) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856_).
- 5 Программа совершенствования казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия на 2006-2008 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000593\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000593_/compare).
- 6 Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана (до 2020 года) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000552>.
- 7 Институт медиации набирает силу [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/institut-mediatsii-nabiraet-silu>.
- 8 Об Ассамблее народа Казахстана Закон Республики Казахстан от 20 октября 2008 г. // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070_).
- 9 Медиация — эффективный инструмент разрешения трудовых споров [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://assembly.kz/>.

Е.А. Абдраимов, Т.С. Садыков, С.К. Кабылтаева

## Ассамблея народа Казахстана: история и деятельность на современном этапе

В статье рассмотрены история и деятельность Ассамблеи народа Казахстана (АНК) в области межэтнической и межкультурной коммуникации с 1995 года по настоящее время, раскрыты значение и значимость диалога культур в современном обществе, определены факторы и условия для достижения национального единства. Авторами проанализированы нормативно-правовые акты АНК, а также новая Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана до 2025 года. Кроме того, определен круг проблем и приоритетов развития деятельности АНК на современном этапе.

*Ключевые слова:* АНК, история Казахстана, межнациональные отношения, общественное согласие, дружба народов, национальное единство, стабильность.

E.A. Abdraimov, T.S. Sadykov, S.K. Kabyltayeva

## Assembly of the People of Kazakhstan: history and activities at the present stage

The article discusses the history and activities of the Assembly of the People of Kazakhstan in the field of interethnic and intercultural communication from 1995 to the present, reveals the significance of the dialogue of cultures in modern society and determines the factors and conditions for achieving national unity. The authors analyzed the regulatory legal acts of the APK, as well as the new Concept for the Development of the Assembly of the People of Kazakhstan until 2025. The article defines the problems and priorities for the development of the activities of the APK at the present stage.

*Key words:* APK, history of Kazakhstan, interethnic relations, social harmony, friendship of peoples, national unity, stability.

### References

- 1 Kontsepsiia razvitiia Assamblei naroda Kazakhstana na 2022-2026 gody [Development Concept of the Assembly of the People of Kazakhstan for 2022-2026]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200001014> [in Russian].
- 2 Kompleksnyi plan po realizatsii gosudarstvennoi politiki v religioznoi sfere Respubliki Kazakhstan na 2021–2023 gody [Comprehensive plan for the implementation of state policy in the religious sphere of the Republic of Kazakhstan for 2021–2023]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2000000953> [in Russian].
- 3 Polozhenie ob Assamblee narodov Kazakhstana [Regulations on the Assembly of Peoples of Kazakhstan]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002066\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002066_) [in Russian].
- 4 Strategiiia Assamblei naroda Kazakhstana na srednesrochnyi period (do 2011 goda) [Strategy of the Assembly of the People of Kazakhstan for the medium-term period (until 2011)]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000856_) [in Russian].
- 5 Programma sovershenstvovaniia kazakhstanskoi modeli mezhetnicheskogo i mezhekonsfessionalnogo soglasiia na 2006-2008 gody [Program for improvement of the Kazakhstani model of the interethnic i interfaith agreement for 2006-2008]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000593\\_/compare](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000593_/compare) [in Russian].
- 6 Kontsepsiia razvitiia Assamblei naroda Kazakhstana (do 2020 goda) [Concept of development of the Assembly of the People of Kazakhstan (until 2020)]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000552> [in Russian].
- 7 Institut mediatsii nabiraet silu [The mediation institute is gaining strength]. Retrieved from <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/institut-mediatsii-nabiraet-silu> [in Russian].
- 8 Ob Assamblee naroda Kazakhstana Zakon Respubliki Kazakhstan ot 20 oktiabria 2008 g. [On the Assembly of the People of Kazakhstan Law of the Republic of Kazakhstan dated October 20, 2008]. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000070_) [in Russian].
- 9 Mediatsiia — effektivnyi instrument razresheniia trudovykh sporov [Mediation is an effective tool for resolving labor disputes]. Retrieved from <https://assembly.kz/> [in Russian].